

3

Әділдік және жауапкершілік – қоғамның айнымас темірқазығы



4

Ақ батам қабыл болғай деп...



# Сыр бойы

№17 (20893)

4 ақпан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz](https://www.facebook.com/syrboyi.kz)
[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)
[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)
[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

/// ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

## ЖАҢАҚОРҒАНДА ТАҒЫ БІР «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» АШЫЛДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданының «Саяжай» шағын ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 600 орындық білім ошағының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеннов, жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, сала ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын баяндады. Президентіміз облысымыздың экономикалық өсіміне оң бағасын берді. Осы жинда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Менің тапсырмаммен үш жыл ішінде тағы 1300 мектеп жаңғыртудан өтеді» деген болатын.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Біз ұрпақ білімін арттыруға, қоғамда ұстаз беделін көтеруге әрқашан мүдделіміз. Тұрақты қолдаудың арқасында өңірміздің білім салысы табысқа жетті. Сәулеті жанарған мектептер бой көтерді.

Өткен жылы білім саласына бөлінген қаржы 270 млрд теңге болса, биылғы бюджеті 308 млрд 134 млн теңгеге жетті, яғни 16,9 пайызға артты. Жаңа мектептердің ашылуы – жай ғана ғимараттардың салынуы емес, бұл жана

дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 6900 оқушыға арналған 10 мектеп құрылысы басталып, облыс орталығындағы 900 орындық алғашқы мектепті өткен жылдың қазан айында табыстадық. Жыл басында Жаңақорған ауданының «Жанарық» ауылында, Арал қаласында 300 орындық, Қызылорда қаласында 600 орындық мектептерді пайдалануға бердік. Жыл ішінде тағы 5 «Жайлы мектептің» құрылысын аяқтаймыз.

Бүгін, міне, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен жүзеге асырылған, құны 4 млрд 709 млн теңге болатын 600 орындық «Жайлы мектепті» ел игілігіне табыстаудамыз. Біз бұл арқылы Жаңақорған кентінде қарқынды өсіп келе жатқан «Саяжай» шағын ауданындағы балаларымыз баратын мемлекеттік мектептің мәселесін шештік. Енді оқушыларға басқа мектептерге қатынаудың қажеті жоқ. Алдымызда нақты жоспарларымыз бен бастамаларымыз әлі де көп. Оларды іске асыру бағытындағы жұмыстарымызды жалғастыра береміз. Қуаныштарыңыз құтты болсын! – деді Нұрлыбек Нәлібаев. Жиында Мұрат Әбеннов аудан



тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Ибрагим Әбібуллаев батасын берді.

Айта кетейік, өткен жылы аймағымызда 6 мектеп бой көтеріп, 5 мектепке қосымша ғимарат ел игілігіне табысталды. Осылайша Арал ауданы Тоқабай ауылындағы №248, Шиелі кентіндегі №252 және Жансәйіт ауылындағы №133 апатты мектептердің мәселесі шешілді.

«Қазірмұнай» компаниясының де-меушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы», Жаңақорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» ел игілігіне табысталды. Жыл ішінде Шиелі ауданында да 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» жұмысын бастайды.

Облыс орталығындағы «Шығармашылық академиясы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты мамыр айында, дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты наурыз айында аяқталмақ. Биыл «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының «Жалана» ауылынан 150 орындық мектеп салынады. Былтыр 3 млрд 100 млн теңгеге 8 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Мемлекет басшысының 1300 мектепті жаңғырту тапсырмасына сәйкес алдағы 3 жыл ішінде облыстағы 51 мектеп, оның 9-ы биыл күрделі жөндеуден өтеді.

Салтанатты іс-шарада Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен заманауи білім ордаласын құрылысын жүргізген мердігер мекеменің қызметкерлері марапатталды.

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ҚАЙТАЛАНСА АУЫР ҚЫЛМЫС

Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шыңғыс Әлекешевтің мәлімдеуінше, енді мал ұрлығы қайталанған жағдайда ауыр қылмыс саналады. Бұл туралы «ҚазАқпарат» хабарлады.

– Мал ұрлығы үшін Қылмыстық кодексте жеке бап енгізілді. Ұрлықшының мүлкін тәркілеп, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылды. Мал ұрлығы қайталанса және қоралдан ұрлаған жағдайда жаза қатаңдайды, яғни ауыр қылмыстар санатына жатады, – деді Шыңғыс Әлекешев ведомствода өткен онлайн баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ оның айтуынша, аталған жаза түрі екі жақтың өзара татуласып, ұрының жауапкершіліктен жалтаруына жол бермейді.

## 5 МИНУТҚА АЙЫППҮЛ САЛЫНБАЙДЫ

Мәжіліс депутаттары мен «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Ішкі істер министрлігіне қоғамды адастыратын резонансты ақпараттарға жедел назар аударуды өтінді. Бұл туралы Egemen.kz хабарлады.

Шын мәнінде, көлікті бес минуттан артық қыздырғаны үшін айыппұл салынады деген ақпарат қоғамда әртүрлі пікір тудырды. Депутат Нартай Сәрсенғалиевтің атап өткеніндей, еліміздің әсіресе солтүстік өңірлерінде көлікті жылытуға бес минут уақыт аздық етеді. Ал қызбай жүрген көліктің жағдайы жүргізушілерге жақсы мәлім.

Сонымен Ішкі істер вице-министрі Игорь Лепеха көлікті 5 минуттан артық қыздыруға шектеу жоқ дегенді мәлімдеді. «Автокөлікті 5 минуттан артық қыздыруға шектеу жоқ. Елді мекендерде тұрғындарға қолайсыздық туғызған жағдайда, яғни механикалық көлік құралдарымен оталдырған қалпы тоқтап тұруға тыйым салынады. Тек арыз түскен жағдайда ғана бұл норма бойынша жауапқа тартамыз. Былтыр осындай үш жағдай тіркеліп, оның бірі прокуратура тарапынан жойылды. Яғни, біз көлік қыздырған адамды жауапқа тартпаймыз», – деді вице-министр.

Ал депутат Бақытжан Базарбек көлікті қыздыру үшін айыппұл төніретіндігі шу мемлекеттік органдардың немқұрайлылығы екенін тілге тиек етті.

## ҰРЛАНҒАН ҚАРУЛАР ТӘРКІЛЕНДІ

Egemen.kz сондай-ақ, Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2025 жылдың басынан бері заңсыз айналымнан қанша қару мен оқ-дәрі тәркіленгенін хабарлады деп жазды.

2025 жылдың басынан Ұлттық қауіпсіздік комитеті полиция және прокуратура органдарымен бірлесіп қаруды іздеу және заңсыз айналымнан алу бойынша бірқатар жедел-іздеу іс-шараларын жүргізді.

«Нәтижесінде 8 Калашников автоматы, 25 тапанша, 23 мылтық, 17 граната және әртүрлі калибрлі 1521 патрон табылып, тәркіленді», делінген хабарламада.

Аталған қарудың төртеуі қанғар оқнағасы кезінде ұрланғаны анықталған. Бұл фактілер бойынша жедел-іздеу шаралары жүргізіліп жатыр.

/// ТЫҢ ЖОБАНЫҢ ТЫНЫСЫ

## «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ»: 37 ЖЫЛДАН KEЙІН ЖАЙЛЫ ОРЫН БҮЙЫРДЫ

Былтыр Сыр өңірінде «Руханият жылы» жарияланды. Игі бастама халқымыздың жыл басы, жаңау кезеңі саналған Наурыз айынан басталды. Бұл кезең айшықты жобалар мен толымды шараларға толы болды. Мәселен, атаулы жылда «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық «Өнер орталығы» салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзивті театр, Жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасқалды. Мұнан бөлек өнердің алтын дінгегі саналатын жыраулық дәстүрді дәріптеген өңірде «Жыраулар үйінің» ашылуы мұраға, мәдениетке деген құрметтің белгісі болса керек.

Ұлттық мәдениет пен өнердің қарашанырағы, тарихы тереңнен бастау алатын, дарындар мен таланттарды дүниеге әкелген құтты мекенде «Руханият жылының» жариялануы да бекер емес.

«Аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылды. Қызылорда қаласында жерлесіміз Марат Дүйсенбаевтың демалушылығын құны 1 млрд 700 млн теңгеге болатын «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Сондай-ақ 1 млрд 500 млн теңгеге салынған «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Сыр өңірінің мәдени брэндіне айналатын «Шірік-Рабат Сақ жауынгері» мен «Сығанақ ханшайымының» алтындатқан мүсіндері облыстық

музейге тапсырылды. Алдағы уақытта тарихшылардың ғылыми негіздемелеріне және археологиялық қазба нәтижелеріне сүйеніп, алтын киімді «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары жасалып, осы күнге дейін беймәлім болып келген, шетелдерде сақталған жәдігерлер көшірмелері ел назарына ұсынылатын болады.

3-бет



Валюта бағамы

\$ 521,06 kzt

€ 534,27 kzt

₺ 5,25 kzt

Ауа райы: Сейсенбі



-1°



-8°

Сәрсенбі



+1°



-6°





